



ЗАМАНАУИ ҮЛГІДЕГІ АТАУЛЫ АУДИТОРИЯЛАР

Отарова Ақмарал Нұрғожақызы
Ш.Есенов атындағы КТИУ, Туризм және тілдер факультеті деканы, Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Студенттер мен оқытушылардың санасында қалыптасқан университеттің тұрақты оң имиджі және олардың университет туралы айтқан сөздері университет имиджін қалыптастыру және қолдау үшін өте маңызды.

Жоғары оқу орнының оң имиджін қалыптастыру талапкерлерді тарту мен бәсекеге қабілеттілікті жоғарылатудағы басты мәселелердің бірінен саналады. Университеттің имиджі оның нәтижелі қызметінің көрінісін мақсатты ақпараттық жұмыстар арқылы жүйелі түрде ұдайы танытуымен қалыптасады.

Имидждің екі түрі сыртқы және ішкі түрі бар десек, ішкі имидж – университеттің ұжымы мен студенттері алдындағы бейнесі.

Осы орайда киелі мекеніміз Маңғыстау өлкесіндегі бірден-бір жоғары оқу орны Ш.Есенов атындағы КТИУ-нің имиджін қалыптастыруда өзіндік орны бар Маңғыстау аймағы тарихи тұлғаларының есімдерін жаңғырту мақсатында өлкемізден шыққан айтулы тұлғалардың есімімен атаулы аудиториялардың ашылуы жақсы үрдіс алууда.

Университетте ректор Берік Бақытжанұлы Ахметовтің ықпалымен бұл бағытта ауқымды жұмыс қолға алынып, атқарылып келеді. Университет қаржысы, эндаумент қоры мен жомарт жанды демеуші мекеме, елжанды азаматтардың көмегімен өңірге белгілі тұлғалар, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне арналған келешек ұрпақтың игілігіне қызмет етер заманауи озық технологиямен жабдықталған арнайы оқу аудиториялары ашыла бастады.

Басшылықтың өте қажетті, өзектілігі жоғары ұсынысын бірден қолдап «Қазақ филологиясы» кафедрасы меңгерушісі ретінде туған өлкемізден шыққан ұлтымыздың руханиятына өлшеусіз үлесін қосқан Әбіш Кекілбаев, Ғұбайдолла Айдаров, Фариза Оңғарсынова сынды тұлғаларға арналған аудитория ашу істерінде өз үлесімізді қоса алдық.

Университетімізде алғашқы атаулы аудитория Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері халық жазушысы Әбіш Кекілбаев атындағы аудитория 2017 жылы ашылды. Асыл сөздің қасиетін бойына сіңірген өскелең ұрпақты Әбіш әлеміне жетелейтін



аудитория заңғар жазушыны ең алғаш қанаттандырған Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында ашылуы заңдылық дер едім. Кейіннен кемеңгердің туғанына 80 жылдығына орай қайта заманауи түрде жаңғыртылды.

Дәрісхананың ашылу салтанатына Әбіш Кекілбаевтың жұбайы, аяулы ана Клара Жұмабаева арнайы келіп, аудитория ашу лентасын қиып жазушы туралы естелік әңгімелер айтты.

Елдің ертеңі-жас мамандарымыздың сапалы білім, саналы тәрбие, ғылымның шыңына құлаш сермеуіне қанат бітіруді мақсат тұтқан заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған жарық та кең аудитория төрінде дарын иесінің айшықты абыз бейнесін кескіндеген портреті ілінген. «Абыздан қалған асыл сөз» стендісінде қара сөздің сүлейі атанған сөз шебері, ойшыл, ғұлама Абыздың бүгінде нақылға айналып кетті небір түйінді ой орамдарынан үзінділер келтірілген. «Ашық аспан астындағы мұражай», табиғаттың таңғажайыбы деп бағалаған кіндік қаны тамған киелі мекені Маңғыстауға деген шексіз перзенттік сүйіспеншілігін, еркеше шабытын танытатын «Туған жер» өлеңінен үзінді берілген

«Замананың заңғар тұлғасы» стендісінде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ретінде атқарған лауазымдық қызметтері, мемлекетіміздің тұғырлы бағыттарын айқындау, идеологиясын қалыптастырудағы орасан зор еңбектері тұжырымдалған. «Ә. Кекілбаевтың шығармалары» стендісінде әдебиеттің барлық жанрында қалам тербеген суреткердің көркем проза, поэзия мен драматургияда өлмес туындылары көрініс тапқан. Білімалушыларымыз QR код қосымшасы арқылы смартфондарына жүктеп алып кез келген шығармасын оқып, тыңдай алады.

Сонымен қоса оқу аудиториясында ұлы суреткердің қаламынан туған халқының мәңгі сусындар рухани мұрасына айналған еңбектері, өмір жолынан сыр шертетін естеліктер мен кітаптары арнайы кітап сөресіне қойылған. Сан алуан тақырыпта, әр қилы жанрда қалам тербеген жазушының шығармашылық жолын, өмір жырын, көңіл сырын танытатын түрлі естеліктер мен кітаптар Кекілбаевтың ұлт руханиятына қосқан теңдессіз үлесін танытып тұрғандай.

Аудиторияда интерактивті тақта арқылы студенттер мен магистранттар бейнефильмдер, электронды оқулықтар, аудиокітаптар, деректі фильмдерді көріп, оқи алады. Осылайша білімалушылар үшін кітап оқуларына, электрондық нұсқаларымен де жұмыс жасауларына толықтай мүмкіндік берілген. Өскелең ұрпағымыз дара тұлғаның артында қалған аталы сөзі мен



асыл өнегесімен танысып қана қоймай, жазушы мұрасын оқып-үйрену, зерттеп-зерделей алады. Ұлы жазушының рухани мұрасын зерттеу ісінде дипломдық жобалар, магистрлік диссертациялар қорғалуда. Профессор-оқытушылар Әбіш Кекілбаев шығармашылығын тілдік, әдеби тұрғыда зерттеп, зерделеп, ғылыми мақала, жоба жұмыстарын, монография, оқулықтар жазуда. Сондықтан да ұлы тұлғаның бай рухани мұраларының тағылымын жастар бойына сіңіре беру ұстаздық міндетіміз бола бермек.

2018 жылы Көрнекті түрколог ғалым, халық ағарту ісінің үздігі, Ұлы Отан соғысының ардагері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғұбайдолла Айдаровқа арналған оқу аудиториясы есігін айқара ашты. Аталған оқу аудиториясы «Кезби» ЖШС директоры Б.Кезбаевтың демеушілік етуімен жасақталды.

Ақтау қаласының 55 жылдық мерекесі қарсаңында ашылған аудиторияның лентасы қиылып, салтанатты түрде ашылды. «Кезби» ЖШС директоры Б.Кезбаев, мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын, университеттің құрметті профессоры Е.Раушанов, Ғ.Айдаровтың ұлы Ахмет Ғұбайдоллаұлы Айдаров, ел ағалары, Ғұбайдолла ағаның замандастары ғалымның ұлт руханияты мен ғылымына сіңірген еңбектері туралы жүрекжарды сөздерін, естеліктер айтып, алдағы уақытта жасалар істерге сәттілік тіледі. Көрнекті ғалым, ұстаздың еліміздің даму тарихындағы сіңірген еңбегі, қазақ тіл білімі, түркітану, рухани әлемінде бедерлеген айшығы бөлек, алатын орны ерекше.

Ғұбайдолла Айдаров 1921 жылы 18 маусымда Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Ақшұқыр елдімекені, Сайын Шапағатов ауылының маңындағы Әмірторты жеріндегі дүниеге келген болатын.

Өзі аударған Күлтегін ескерткішіндегі «Айтар сөзім болса, мәңгі тасқа жаздым...» деген сөзді ұстанған ғалымның артында қыруар байлық зерттеу еңбектері қалды. Өз үлесінен кенжелеу қалып жүретін қазақ халқының Орхон-Енисей, Талас ескерткіштерінде еншісі бар екендігін сол кезеңдерде алғаш тиянақтаған да Ғұбайдолла Айдаров 30 жылдан көбірек уақыт ішінде Ғ.Айдаров отызға тарта кесек-кесек монография мен оқу құралдарын, 200-ден аса ғылыми және ғылыми көпшілікке арналған мақалаларын қалдырды.

Атап айтқанда, оның бұл салада «Язык Орхонского памятника Бильге кагана», «VIII ғасырдағы Орхон ескерткіштерінің тілі», «Енисей, Орхон және Талас бойындағы көне түркі жазба ескерткіштері бойынша жарияланған әдебиеттің библиографиялық көрсеткіші», «VIII ғасырдағы Білге қаған



ескерткіші», «Мойын Чор», «Күлі Чор», «Көне түркі жазбаларының библиографиялық көрсеткіші», «Көне түркі ескерткіштерінің тілі», «VIII ғасырдағы Қутлығ қаған ескерткіші», «VIII ғасырдағы Күлтегін», «Күлтегін ескерткіші», «Тониқуқ ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі» «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» (1991), «Язык Кюль-Тегина» т.б еңбектері түркітану ғылымына қосқан сүбелі үлесін айқындайды.

Аталған еңбектерінде Ғ.Айдаров орхон ескерткіштері қатарына жататын: Күлтегін, Білге қаған (Могилян), Тоныкөк, Қутлығ қаған, Күлі-Чор, Мойын-Чор сияқты тас мұраларды саралап алып Көне түркі ескерткіштерінің мәтіндерін қазіргі графика бойынша транскрипциялап, олардың тілін лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты талдаған, ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тілінде жақындығын зерттеп, дәлелдеген.

Бабалар үшін бүгінге жеткізген, тасқа қашалған аманатты қағазға түсірген ғалым. заманауи жаңа технологиялар мен жабдықталған. Онда ғалымның өнегелі өмір жолы, ғибратты істерін қамтыған стенділер орын алған. «Ғ.Айдаровтың өмір жолы» стендісінде ғалымның түрлі салаларындағы ұстаздық, ғылыми-зерттеушілік қызметтері, қоғамдық істері жан-жақты көрініс тапқан. «Қазақ түркологиясының атасы» стендісін де біртуар тұлға жайында белгілі ғалымдар Рабиға Сыздықова, Телғожа Жанұзақов, Бабаш Әбілқасымовтардың пікірлері берілген. «Ғұбайдолла Айдаров және көне түркі жазба ескерткіштері» стендісінде Ғ.Айдаровтың Қазақ елінің түркі дәуіріндегі Орхон-Енисей, Күлтегін, Тоныкөк жазбаларын зерттеуге арналған танымал еңбектері тұжырымдалған. Сонымен қатар оқу аудиториясында ұлы ғалымның қаламынан туған еңбектері сөреге қойылған.

Бұл аудитория келешекте ғалымның мұрасын оқып-үйрену, зерттеп-зерделеуде тағылымы мол оқу аудиториясы болары анық. Студенттеріміз бен магистранттар біртуар ғұлама ғалымның еңбектері бойынша тақырыптар алып, зерттеу жұмыстарын бастап жатырғандығы соны айғақтайды.

Тағы да айта кетерлік атаулы аудитория қазақтың белгілі ақын қызы, халық жазушысы, журналист, қоғам қайраткері, Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Фариза Оңғарсынованың 80 жылдығына орай оқу аудиториясы ашылды. Бұл қазақтың ақын қызына көрсетілген құрмет еді. Қазақтың ақын қызы Ф.Оңғарсынова университетпен үнемі тығыз байланыста болды. Маңғыстауға келген сапарларында университетке келіп, жастармен жүздесіп, ақыл-кеңесін айтудан жалықпайтын. Әрбір кездесуі естен кетпес қыр кешіне айналатын, жастарға өзінің өлеңдер жинақтарын сыйлап жататын.



Поэзия падишасы Фариза Оңғарсынова есімін жас ұрпақ жадында мәңгі сақтау мақсатында оқу аудиториясын ашу – игілікті шаралардың бірі.

Сонымен қоса Қазақ халқының ұлы ақыны, ағартушысы, ойшылы, саясаткер, жазба әдебиеттің негізін қалаушы ұлы Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай оқу дәрісханасы салтанатты түрде ашылды.

Уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан өсіп, өркендеп отыратын Ұлы хакім дана, ойшыл Абайдың асыл мұрасының қалдырып кеткен мұрасы елі мен жұртының рухани өміріндегі қай кезеңде болса да айнымас темірқазық болып қызмет ететінін, өміршеңдігін танытқан дәрісханада жастарымыз білім нәрін бойына сіңіре бермек

Тіл мәселесі қай қоғамда да, қай заманда да өзінің маңыздылығын жоймайтын тірі құбылыс болғандықтан, Ел болашағы үшін аса маңызды шешім латыннегізді жаңа қазақ жазуына қолдау көрсету, елдігімізді айқындайтын іске өз үлесімізді қосқандығымызды білдіреді. Қазақ филологиясы кафедрасына қарасты «Латыннегізді жаңа қазақ жазуы» кабинетін жасақтаудың негізгі мақсаттың өзі білімалушылар мен оқытушылар үшін арнайы курстар өткізу, жаңа әліпби негізіндегі емле ережелерінің теориясын меңгеріп, қазақ әліпбиін латыннегізде таңбалауды, мәтіндермен жұмыс жасауды толықтай меңгерту болып табылады.

Атаулы аудиториялар есімі берілген халқымыздың дарынды тұлғаларының мол мұраларын кейінгі ұрпақ жадында қалдыру мақсатында мамандықтың білім беру бағдарламаларына «Әбіштану», «Абайтану», «Түркітануға кіріспе» пәндері енгізіліп, дәріс, тәжірибе сабақтары, танымдық шаралар, халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық конференциялар жүйелі түрде жүргізіліп отырады. Онлайн, офлайн форматта қоғамдық дәрістер өткізіліп, еліміздің саяси қайраткерлері, ғалымдар, елшілер кездесулер өткізіп, дәрістер оқып тұрады.

Өлкемізден шыққан белгілі тұлғалар атында атаулы аудиториялар ісі одан әрі жалғасын таба бермек. Терең білімімен, сұңғыла тектілігімен, өмірге, тарихқа көзқарасының тереңдігімен, азаматтық парасатымен халықтың жүрегінде сақталған біртуар перзенттерінің қоғамдағы орны мен ел үшін сіңірген ерен еңбегі арқылы келешек мамандарымызды парасаттылыққа, білімге құштарлыққа, мейірімділік, ізгілікке, ұлтты сүйуге, елжандылыққа тәрбиелеу ұстаздардың басты міндеті бола бермек.